

**Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 40/473 "2020 - 2022 жылдарға арналған Теңге ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 52/567 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 желтоқсанда № 4377 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 27 қарашадағы № 51/561 "Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 39/458 "2020 – 2022 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4353 болып тіркелген) сәйкес, Жаңаөзен қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "2020 - 2022 жылдарға арналған Теңге ауылының бюджеті туралы" Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 40/473 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4104 болып тіркелген, 2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020 - 2022 жылдарға арналған Теңге ауылының бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3 қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 504 500 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 52 249 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 539 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 0 теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша – 451 712 мың теңге;

2) шығындар – 520 095 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 15 595 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 15 595 мың теңге

;

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 15 595 мың теңге.";

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. 2020 жылға арналған Теңге ауылының бюджетіне қалалық бюджеттен – 398 311 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені ескерілсін.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңаөзен қалалық мәслихатының әлеуметтік – экономикалық даму, бюджет, құрылыс, өнеркәсіп, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылығы, көлік және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы Б. Нурбосинов).

3. "Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы А. Ермуханов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Жаңаөзен қалалық мәслихатының хатшысы*

*Н. Самаликова*

*С. Мыңбай*

Жаңаөзен қалалық мәслихатының  
2020 жылғы 10 желтоқсандағы  
№ 52/567 шешіміне қосымша  
Жаңаөзен қалалық мәслихатының  
2020 жылғы 6 қаңтардағы  
№ 40/473 шешіміне 1 қосымша

## 2020 жылға арналған Теңге ауылының бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
<b>1</b>			<b>2</b>	<b>3</b>
			1. Кірістер	504 500
1			Салықтық түсімдер	52 249
	01		Табыс салығы	3 180
		2	Жеке табыс салығы	3 180
	04		Меншікке салынатын салықтар	49 069

		1	Мүлікке салынатын салықтар	310
		3	Жер салығы	440
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	48 319
2			Салықтық емес түсімдер	539
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	227
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	227
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	312
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	312
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4			Трансферттердің түсімдері	451 712
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	451 712
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	451 712
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама		
<b>1</b>			<b>2</b>	<b>3</b>
			2. Шығындар	520 095
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	54 287
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	54 287
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	54 287

04			Білім беру	341 818
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	341 818
		004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	341 818
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 656
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 656
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2 656
07			Тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық	79 540
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	79 540
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	32 294
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	33 439
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	13 807
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	41 794
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	41 794
		006	Жергілікті деңгейде мәдени–демалыс жұмысын қолдау	41 692
		028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру – сауықтыру және спорттық іс – шараларды өткізу	102
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-15 595
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	15 595
			Қарыздар түсімі	0
			Қарыздарды өтеу	0
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	15 595
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	15 595
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	15 595

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК